

Мамандық бойынша тест: 1-пән

1. Өндіріс процессінде көрсетілетін бухгалтерлік жазба:

- A) Дт 1310 Кт 3310
- B) Дт 8110 Кт 1310
- C) Дт 1030 Кт 1210
- D) Дт 3310 Кт 1030
- E) Дт 1210 Кт 6010

2. Бағалау:

- A) шаруашылық құралдарының жағдайын бейнелейтін құрал
- B) еңбек өлшемінде қолданатын тәсіл
- C) белгілі мерзімге ақшалай бағада жалпылама түрдегі мәліметтер
- D) құндық бағада шаруашылық операцияларды бастапқы бейнелеу әдісі
- E) мүлікті ақшалай өлшемде көрсету әдісі

3. Қазақстан Республикасындағы заңды тұлғалар түрі:

- A) Кең тараған пайдалы қазбаларды өндіруші ұйымдар
- B) Діни бірлестіктер мен қоғамдық қор
- C) Шаруашылық серіктестіктер
- D) Квазимемлекеттік ұйымдар
- E) Коммерциялық ұйымдар және коммерциялық емес ұйымдар

4. Қаржылық есептілік құрамы:

- A) Капиталдағы өзгерістер туралы есептілік
- B) Инвестициялар туралы есеп
- C) Айналымдық – сальдолық ведомосы
- D) Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметі туралы есеп
- E) Негізгі қорлар жағдайы туралы есеп

5. Операциялық әрекеттен ақша қаражаттарының келіп түсуі:

- A) фьючерстік және форвардтық келісім-шарттар, опциондар мен своптар
- B) акциялар мен басқа да бағалы қағаздардың эмиссиясы
- C) негізгі құралдары өткізу
- D) тауарларды өткізу
- E) басқа ұйымдарға берілген қарыздарды өтеу

6. Регистрлерде қателерді жөндеу кезінде қосымша жазу (өткізбе) әдісін қолдану:

- A) бастапқы құжаттарда шоттар корреспонденциясы дұрыс берілмеген, қате жазбалар көп мөлшерде
- B) есеп регистрлерінде дұрыс шоттар корреспонденциясы көрсетілген, бірақ шаруашылық операцияның сомасы жоғарылатылған
- C) есеп регистрлерінде дұрыс шоттар корреспонденциясы көрсетілген, бірақ шаруашылық операцияның сомасы төмендетілген
- D) есеп регистріінде сома қажетті сомадан жоғары
- E) бухгалтерлік корреспонденция дұрыс құрылмаған

7. Үздіксіз принципінің мағынасы:

- A) ұйымның кез-келген операциялары есептеліп отырылуы қажет
- B) есеп саясаты бір кезеңнен екінші кезеңге дейін үздіксіз қолданылуы керек
- C) қаржылық есептілігінің элементтері
- D) үздіксіз бақылау жасап отыру
- E) кез келген операцияларды бағалау және үздіксіз бақылау жасап отыру

8. Бухгалтерлер елтаңбасында жазылған ұран:

- A) «Ғылым, Сенім, Тәуелсіздік»
- B) «Бостандық, Теңдік, Бауырластық»
- C) «Сенімді, Адал, Кәсіби»
- D) «Дебет, Кредит, Баланс»
- E) «Кәсібилік, Тұрақтылық, Табыс»

9. ҚР аумағында бухгалтерлік есептің ұйымдастырушылық- әдіснамалық негіздерінің бірі:

- A) ҚР Азаматтық кодексі
- B) Бухгалтерлік есеп шоттарының Бас жоспары
- C) Халықаралық сапа стандарттары
- D) Халықаралық қаржылық есеп стандарттары
- E) «Бухгалтерлік есеп туралы» ҚР Заңы

10. Бухгалтерлік есептің негізгі мақсаты:

- A) сыртқы пайдаланушылар үшін ақпараттар даярлап беру, пайданы жоспарлау, талдау
- B) активтер мен пассивтер есебін жүргізу және міндетті түрде есеп саясатын негізге алу
- C) ақпаратты дұрыс және дәйекті тіркеу
- D) тексеру мен бақылау қызметін іске асыру
- E) нарықтық бәсекелестікке жағдай жасау арқылы пайда алу